



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02  
ББК 74.00  
II 23

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Доцанова Алма Иргибаетна**, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, кандидат экономических наук, профессор;

**Исмуратова Галия Суиндиковна**, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, доктор экономических наук, профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;

**Чекалева Надежда Викторовна**, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;

**Бектурганова Римма Чингисовна**, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Ахметов Тлеген Альмуханович**, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынов, кандидат педагогических наук, профессор;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02  
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022

long-term change of weather conditions .....  
someone who works/helps and does not want money for it .....

C-level – Answer the questions

1) What happened to the people of America's east coast?

2) What happened to their homes?

3) What happened to the subways and the tunnels in New York City?

4) Why were the children not at school?

5) What was built?

6) Which important topic was brought back into people's minds?

After using this technology stable, I have gained such results:

1. Learning objectives were accomplished psychologically
2. Learners are covered by new information
3. All students become active during the lesson
4. Discussion was organized
5. Study motivation grew up
6. Critical thinking was increased

#### **Conclusion.**

To sum up, it is necessary to introduce differentiated teaching methods at all stages of the lesson. For example, when reviewing homework, you can use techniques that prevent testing from becoming an activity that the student does not like. The use of differentiated teaching methods allows students to improve the quality of knowledge, their skills and abilities. Experience has shown that confident progress inspires students and motivates them to work hard. The presence of different levels of the task strengthens the child's confidence in his efforts, leads him to success and increases his cognitive interest.

#### **The list of references:**

1. Shakhmaev N.M. Differentiation of education in secondary schools// Secondary school didactics – M., 1982 – 270 p.
2. Kazakh National encyclopedia, 1998 – 277 p.
3. Unt I. Individualization and differentiation of teaching, M., 1990
4. Annemieke E. Smale-Jacobs. Differentiated instruction in Secondary education: A systematic review of research evidence, 2019
5. KaraevZh.A. Pedagogical technology of a three-dimensional methodical teaching system, Almaty, 2004 – 92 p.
6. Sabyrov T. Ways of increasing the educational activity of students. A., School, 1978
7. KovdikovaZh. U. Exemplary classes in the pedagogical technology of differentiated education// Bastauysh Mektep No. 9, 2003
8. Klarin M.V. Innovative teaching models in foreign pedagogical searches, M., 1994
9. Esenova G.S., Ibraeva A.M. Developing academic achievement through differentiated learning, 2019

ӘӘЖ 711.7

### **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Салпина Коркем Ерлановна,**  
1 курс магистранты

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті  
Қостанай қ. Қазақстан

#### **Аннотация**

Мақалада қауіпсіз білім беру ортасын құру арқылы мектептерде оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, зорлық-зомбылықтың болдырмау және алдын алу мәселелерінде педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** қауіпсіз білім беру ортасы, психологиялық қолдау көрсету, жеке тұлға, әлеуметтік

қызмет, тиімді жолдары, кәсіби құзыреттілік.

### Аннотация

В статье рассматривается проблема развития профессиональных компетенций педагогов-психологов в вопросах оказания психологической поддержки учащимся, предотвращения и профилактики насилия в школах, путем создания безопасной образовательной среды.

**Ключевые слова:** безопасная образовательная среда, психологическая поддержка, личность, социальные услуги, эффективные способы, профессиональная компетентность.

### Abstract

The article discusses the development of professional competencies of educational psychologists to consider effective ways to provide psychological support to students in schools by creating a safe educational environment, preventing and preventing violence.

**Key words:** safe educational environment, psychological support, personality, social services, effective methods, professional competence.

Елімізде білім берудің мазмұнын жаңғырту жағдайында орта білім беретін ұйымдардың қызметін реттеуде және балалардың қауіпсіздігін күшейту мақсатында бейнебақылау жүйесі жабдықталып, мектеп психологтарының жұмысын күшейту мәселесі және басқа да шаралар іске асырылуда. Өскелең ұрпақтың денсаулығы-қоғам мен мемлекеттің өмір сүру сапасының маңызды көрсеткіші. Бүгінгі күні елдің қауіпсіздігі, саяси тұрақтылық пен экономикалық әл-ауқаттың балалар мен жасөспірімдер денсаулығының жиынтық әлеуеті арасында тығыз себеп салдарлық байланыс бар. Зерттеулерге байланысты балаларға қатыгез қарау, олардың негізгі өмірлік қажеттіліктерінің қанағаттандырмау, депрессия, шылым шегу, ішімдік, жасөспірімдер арасында кемісітушілік, зорлық-зомбылық елеулі проблемаларымен жиі байланыстырады. Білім беру ұйымдарындағы зорлық - зомбылық кең таралған және ауыр салдары бар жаһандық проблема. Алайда зорлық-зомбылық оқушылардың сабаққа қатысуына, қабілетіне оқуға деген ынтасы мен қызығушылығына, қорытындысында академиялық үлгеріміне теріс әсерін тигізетіні анықталған. Балалар зорлық-зомбылыққа байланысты мектепті тастау немесе мектепті ауыстыру жайттары көрініс беріп жатады, соның негізінде толық білім алу құқығынан, сол арқылы іске асыру мүмкіндігінен айрылады. Әрине, осындай көптеген проблемалардың салдарынан бірінші кезекте жасөспірімдердің денсаулығына зиян келеді, өйткені дәл жасөспірімдік шақта бәрін сынап, татып көруге құштарлықтары айтарлықтай көп болады.

Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, зорлық-зомбылықты болдырмау және алдын-алу шараларын қолдана отырып, психологиялық қолдау көрсетудің тиімді жолдарын қарастыру педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту. Міндеттері: - мектептегі зорлық-зомбылықты болдырмау, алдын алуда психологиялық жұмыс түрлерін күшейту; - қауіпсіз білім беру ортасын құруда психологиялық - педагогикалық сүйемелдеу жұмыстарын жүзеге асыру; - тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде ақпарат пен білімді өз бетінше алу және тәрбиеге бағытталған дағдыларды игеру; - тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие бағытының дағдыларын жауапкершілікке ала отырып, өз бетінше қабылдау дағдыларын қалыптастыру; - білім беру ұйымдарында тәрбие үдерісін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді білім беру және тәрбие мазмұнын жаңартудың қажеттілігін зерделеу; Бұл тақырып аясында қашықтықтан оқыту кезеңінде on-line, off-line режимінде әлеуметтік педагогтармен педагог-психологтар арасында талқыланып, күрделі сұрақтар қарастырылып, бірнеше мәселелер көтеріліп, іс - тәжірибе алмасты. «Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» күрделі және көп қырлы тақырып екені белгілі [1, 1136].

Әрбір адамның психологиясы мен мінез-құлқы оның әлеуметтік ортасына немесе қоршаған ортаға айтарлықтай байланысты. Әлеуметтік орта – бұл топтар деп аталатын көптеген, әртүрлі, азды-көпті тұрақты адамдардың бірлестіктерінен тұратын күрделі қоғам.

Бір-бірінен мөлшерімен, мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастардың сипаты мен құрылымымен, жеке құрамымен, құндылықтарының ерекшеліктерімен, қатысушылармен ортақ қатынастардың нормалары мен ережелерімен, тұлғааралық қарым-қатынастарымен, қызметтің мақсаттары мен мазмұнымен ерекшеленетін топтар бар, т.б. бұл сипаттамалар тұрақсыз. Топтың барлық мүшелері ұстануға тиісті жалпы мінез-құлық ережелері топтық кодекстер деп аталады. Осы белгілердің барлығы әлеуметтік психологияда топтарды ажырататын, бөлетін және зерттейтін негізгі параметрлер болып табылады.

Әл-Фараби өзеңбектерінде осы пікірді былай деп қолдайды. «Қандайда бір ғылым болмасын көңілге дербес ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды. Бізге осы ерекше мәндердің кейбіреулерін ғана жеткілікті, ал қалған көпшілігін сезінудің өзі тиімді». Осы жағдайда біздің сезіміміз қабылдап, ұғынуымыз жинақталғаннан кейін ғана барып, біздің санамыз өзіне тән рольді атқара бастайды. Мектептегі оқыту процесінде мұғалім баланың танымдық іс-әрекетін дамытуға әсер ете отырып, біріккен іс-әрекет барысында олардың ойлауы күрделеніп, есте сақтауы мен зейіні тұрақталып шоғырланады.

К.Д.Ушинский: «...ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс», - деп жазған. Яғни, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатынын анықтады. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде білімнің ролы, білімнің сенімге айналуы, оқу-танымдық міндеттерді шешуге қажетті оқушылар көзқарасының мәні, жас ерекшелік және орта әсері оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті шарттар ретінде беріледі.

Бұл мәселе педагог-психологтар Н.Ф.Талызина, В.В.Давыдов, П.Я.Галперин, Ю.К.Бабанский, А.В.Усова, Д.Б.Эльконин, Л.Е.Шубина, Б.П.Есипов, М.А.Данилов, И.Я.Лернер, Л.В.Занков, М.И.Махмудов, А.А.Люблинская, А.Н.Леонтьев еңбектерінде қарастырылған [2, 12б].

Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістері қалып-тастырылады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты оқуын қамтамасыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С.Выготский дамуды өзекті және іргелі деп екіге бөлді. Өзекті дамуда – оқушы мұғалімнің түсіндіргенін ары қарай өзі жалғастырып меңгерсе, іргелі дамуда – оқушы өз бетімен білімді меңгере алмайды.

Психологтардың, педагогтардың (Н.Лейтес, А.Люблинская, Я.Пономарев, Ж.Пиаже, А.Зак т.б.) зерттеулерінше оқушының мектептегі кезеңдерінің ішінде, әсіресе, бірінші сынып кезеңінде оқушылардың танымдық әрекеттерінің психологиялық негізі және елестету, армандау, шығармашылық ойлау және ойлау операциялары: талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру және т.б. қалыптасады. Сонымен қатар әрекетті бағалау, қорытынды шығару және өз пікірін айту сияқты керекті негізгі қабілеттер де көріне бастайды. Мектеп оқушыларының маңызды тағы бір ерекшелігі – олардың эмоционалдық көңіл-күйінің көтеріңкілігі.

Ш.А.Амонашвили мен педагог Ю.К.Бабанский былай дейді, педагогика бағаны оқушының білім көлемі мен тәртібіне қойылатын тұрақты өлшем деп түсінеді. Баға туралы психологиядағы мынандай жағдайларды анықтайды:

- біріншіден, психикалық дамуды басқару механизмі және адамның өзін-өзі басқарумен бірге бейнелеудің түрлері мен әдістері теориялық тұрғыдан нендей екендігі анықталады;
- екіншіден, баға шәкірттердің арнаулы пәндерді меңгеру дәрежесіне сәйкес қойылады;
- үшіншіден, бағалау техникасын оқып-үйренукезінде тәжірибелік міндеттерді қалай алу мәселесі іздестіріліп, оның мән-жайы анықталады;
- төртіншіден, психология ғылымының өзіндік әдістемелік сұрақтарына жауап беруде айтарлықтай кедергілерге ұшырайды.

Қорыта келгенде, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы

Ы.Алтынсарин мұғалімнің жадына мына жәйітті мықтап шегелейді: «Мұғалім кіммен істес болып отырғанын еш уақытта ұмытпауы тиіс. Егерде, балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауы тиіс. Балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі және шыдамдылық танытқаны абзал, екі ұшты, астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбаған жөн болады», – дейді.

Адам өз өмірінің барысында әртүрлі әлеуметтік қызметтерді орындайды, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүшесі болуы мүмкін. Сондықтан әлеуметтік-психологиялық көзқарас адамды әртүрлі топтық әсерлердің тоғысқан нүктесі ретінде қарастырады. Яғни, адам осы топтардың тоғысқан жерінде қалыптасады. Бұл жеке тұлғаның әлеуметтік қызмет жүйесіндегі орнын анықтайды, сонымен қатар жеке тұлғаның санасының қалыптасуына әсер етеді. Тұлға өзі мүше болып табылатын әртүрлі топтардың көзқарастары, құндылықтары, идеялары, нормалары жүйесіне кіреді. Барлық топтық әсерлердің нәтижесін анықтау маңызды. Ал ол үшін топтың адам үшін құндылығын психологиялық тұрғыда белгілеу керек, топтың берілген мүшесі үшін қандай қасиеттер маңызды. Бұл жерде әлеуметтік психологияда әлеуметтанулық және психологиялық көзқарасты корреляциялау қажет.

Барлық балаларға өмір сүрудің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету, оларды дамыту, тәрбиелеу және білім беру, сондай-ақ зорлық-зомбылықпен қатыгездік қатынастан қорғау – кез келген мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты міндеттерінің бірі. Әлемнің көптеген елдерінде балалар уақытының басым бөлігін мектепте өткізетін болғандықтан негізгі мәселелер туындады. Ата-аналар мен балалар мектеп балалардың оқуы мен дамуына қолдау көрсетіп, ықпалын тигізетін қауіпсіз әрі қолайлы орта болады деп күтеді. Өкінішке қарай, әлемде көптеген бала мектепте кемісітушілікке, зорлық-зомбылыққа ұшырайды, бұл олардың мектепке баруына, оқуға деген қабілетіне, үлгеріміне, сондай-ақ психоәлеуметтік саулығына кері әсерін тигізеді. Мектептегі зорлық - зомбылық балалардың оқуын ерте тастап кетудің ықпалына түсіп, соның салдарынан мектепте зорлық-зомбылыққа тап болған балалар өз құқықтарынан, оның ішінде білім алу құқығынан да айырылуы мүмкін. Мектептегі зорлық - зомбылық – мектеп аумағында, мектепке, мектептегі шараға бара жатқан не мектептен, мектепте өткен шарадан қайтып келе жатқан жолда немесе сол шара өтіп жатқан кезде орын алатын жасөспірімдердің зорлық-зомбылығы [3, 13б].

Мектеп жасындағы балалар мектептегі зорлық-зомбылықтың құрбаны, кінәлісі не куәгері болуы мүмкін. Балаларға қатысты ешқандай зорлық – зомбылық ақталмайды және кез – келген зорлық – зомбылыққа жол берілмейді. Қазіргі кезде білім беру саласындағы жаңартуларға байланысты еңбек

етіп жүрген ұстаздар білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануда. Өйткені, ұстаздың мақсаты – әрбір болашақ маман иесіне сапалы білім берумен дамуына мүмкіншілік жасау, білім алуға деген қызығушылығын арттыру. Кейс әдісін қолданудағы оқытудың табысты болуы модератор жұмысына байланысты. Оның негізгі мақсаты – тыңдаушылар бір командада жұмыс істеуге үйреніп, дерек көздерінің тапшылығына қарамастан, тез арада шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру.

Ашық пікірлер алмасу арқылы, әрбір қатысушының өз қабілетін, ортақ мәселелер шешуге қолдануына жағдай жасау. Кейс – (кейс ағылшынша жағдайлық талдау әдісі) нақты экономикалық, әлеуметтік және іскерлік жағдайларды сипаттауды қолданатын оқыту әдісі. Тыңдаушылар жағдаяттарды зерттеп, жағдаяттарды сипаттап, өз шешімдерін ұсынып ішінен ең жақсысын таңдау. Кейстер нақты құжаттарға негізделеді немесе шынайы жағдаяттарға жақын болады. Кейс- білім алушылардың оқуға қызығушылықтарын арттырады және тұлғаның келешек маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бұл оқушыларға да өткен тақырып бойынша нақтылы мәселені шешуге қажетті шығармашылық қабілетін дамытуды қажет етеді және оның ой-өрісінің бейнелі көрінісі болып табады. Оқытушы да кейске байланысты өзінің өмірдегі жағдаяттарды талдау мен бағалауға байланысты қабілетін де көрсетеді және дамытады. Сондықтан екі жақты ойлау мен шығармашылық қабілеттері еркін ашылады.

Кейс әдісі алғаш рет Гарвард университетінде 1870 жылы дәріс беру барысында студенттер арасында мәселені кеңінен талқылау мақсатында қолданыла бастады. Алғашқы оқулықты 1921 жылы Гарвардтық бизнесмектебінің деканы Волос Донамның белсенді араласуымен Коупленд жарыққа шығарды. Білім алушылар ұсынылған жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын көрсетеді және олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алулары тиіс. Осы талдау барысында білім алушылар, өздерінің алған білімдерін ұтымды пайдалана алады. Ал ұстаздың міндеті, осы кейсті қолдану барысында, оқушылардың белсенділігін бақылап, барлығының қатысуын қадағалауы керек. Сонымен қатар, білім алушылардың талдауына берілетін кейстің түсінікті және пән тақырыптарына сай болуы өте маңызды. Кейс әдісі, оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе [4].

Қазір балалар мен жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың күннен күнге өршіп, жастардың агрессивті күй кешуіне психологиялық, әлеуметтік, экономикалық, отбасылық және т.б. жағдайлардың әсер ететіні дәлелденді. Алайда, білім алушылар арасындағы буллингтің кең етек жайғаны соншалық, кез келген оқушы буллердің құрбаны болуы мүмкін. Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау деген түсінікті білдіреді. Психикалық қорғаныс механизмдері автоматтандырылған күйде болмағандықтан, құрбанның буллерға қарсы жауап реакциясының белсенділігі төмен. Эмоционалды буллердің құрбаны болған бала негативті сөздердің бәрін санасы арқылы өткізіп, бейсанасына өмір бойына жүктейді. Алдағы өмірінде сол түпкі санадағы негативті сөздер, ойлар оның өмірін басқарады. Сондықтан да, біз, психологтар, қазірден бастап, балаларды өзгенің пікірінен дербес болуға, эмоционалды түрде тәуелсіз болуға үйретуіміз керек деп ойлаймын.

Буллингтің қазіргі таңда ең көп тараған түрі - агрессивті оқушылардың басқа оқушыларға түрлі зорлық-зомбылық жасауы, оларды түрлі жолдармен қорқытуы, тіпті физикалық және психологиялық соққы жасауы болып табылады. Өз сыныптастарына қысым жасау барысында жасөспірім агрессорлар буллингтің төмендегідей түрлеріне жүгінеді екен: ұрып-соғу, қорлау, мазақ ету, шантаж, бопсалау, түрлі қате әрекетке әжбүрлеу, итермелеу, жала жабу, оқушы жайында жалаң ақпарат тарту, сыныптан, топтан оқшаулау, кибербуллинг (интернетте фотосуреттер, бейнелер мен ұятты пікірлерді жүктеу), мүлікке зиян келтіру т.б. әрекеттер. Буллингтік әрекеттердің 45-ке жуық түрі анықталған [5, 2016].

Жаңа технологиялардың дамуымен буллингтің жаңа түрі кибербуллинг пайда болды. Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады.

Мектеп жасындағы балаларды көбінесе сыртқы келбетіне қарап қорлайды. Көбінесе көзілдірік тағатын балалар, дене мүшесіндегі белгілі бір кемістігі бар балалар, бойы ұзын немесе қысқа т.с.с. Буллингке ұшыратушы адамды агрессор дейміз, яғни, өзі де бұрын мүмкін буллингке ұшыраған құрбан болуы мүмкін, олар өміріндегі сәтсіздіктерді, қолайсыз жағдайларды құрбандардың есебінен компенсациялайды.

Осы жерде балалардың пәк сезімнен арылып, бойларына қатігездік сезімін жинақтауына итермелейтін кейбір себептерді атап өткен жөн болар. Жиі кездесетін себептер: ересектердің басқаларға немесе өзіне (балаға) жасаған агрессивті әрекеттерін қайталауға, олардың тұлғалық әрекеттеріне ұқсауға тырысулары (идентификация), бала мен ата-ана арасындағы эмоционалдық байланыстың бұзылуы (отбасында бір-бірін жек көру аурасының үстемдігі), яғни, жанашырлық сезімнің болмауы, эмпатияның жоқтығы.

Ата-аналардың баланы жазалауда физикалық немесе жазаның басқа формаларын қолдануы, кез-келген мәселеге немқұрайлы қарайтын немесе агрессивті әрекетке баратын мұғалімдер, балалардың мектептегі жағдаятын дұрыс ұйымдастырмау (сыныпта оқушының көп болуы, мұғалімдердің көп ауысуы, сабақтардың болмай қалуы т.б.), өзін басқалардан төмен көруі, бұрын басқа балалар тарапынан буллинг әрекетінің құрбаны болуы жайттарына себеп болуы мүмкін [6].

Мектепте оқушылар арасында буллингсіз мектепті құруда мектеп педагог-психологтарының үлесі мол. Өйткені тек психолог қана буллингке ұшыраған құрбанды бірден анықтап, оған тиісті психологиялық қолдауды ұсына алады. Психологиялық алдын алу бағытында жүйелі жұмыс жүргізу – күш көрсетуді болдырмауға әкеп соғады. Баланың агрессивті мінез-құлығын түзету бала тұлғасының толыққанды дамуы және қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында агрессивті әрекеттерді анықтауға бағытталған психологиялық әсер ету. Психологиялық түзету – мектеп психологының психологиялық әсер етудің арнайы құралдарының көмегі арқылы баланың агрессивті мінез-құлығын түзетуге бағытталған қызметінің бір түрі. Жеке және топтық психологиялық түзетуді бөліп көрсетуге болады. Жеке психологиялық түзетумен айналысатын психолог баламен бөтен адамдардың қатысуынсыз жұмыс жасайды. Топтық психологиялық түзету жұмысы кезінде оқушылар тобымен өзара әрекеттестік болады, агрессивтілік деңгейінің төмендеуі балалардың бір-біріне өзара әсер ету және қарым-қатынас жасауы арқылы жүзеге асады.

Қорыта келе, агрессивті балалар – бұл көмекке мұқтаж және үлкендердің қабылдамауына ұшыраған балалар тобы. Түсінбестік пен агрессивті мінез-құлық себептері агрессивті балаларды үлкендердің де, өздерінің құрбыларының да ашық түрде жақтырмауы мен қабылдамауына алып келеді. Сондықтан да бұл санаттағы балаларды анықтау мақсатында тек агрессивтіліктің деңгейін анықтап қана қоймай, сонымен бірге агрессивті мінез-құлықтың алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізу керек. Бала агрессивтілігінің алдын алу – бұл балалар мінез-құлығындағы агрессияны туындататын негізгі себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік-дәрігерлік және ұйымдастыру-тәрбиелік іс-шаралардың әсер ету үдерісі. Білім берудегі психологиялық қызметтің негізі туралы көзқарастарға сүйене отырып, мектептерде жүргізілетін алдын алу жұмыстары туралы төмендегідей анықтама беруге болады. Алдын алу – бұл оқушылардың оқу іс-әрекеті барысындағы қиындықтарға алып келуі мүмкін ерекшеліктерін уақытында анықтау болып келеді. Алдын алу жұмыстарының мақсаты - психологтың өзінің білімі мен тәжірибесі негізінде баланың дамуы мен өмірлік танымына әсер ететін, балалардың психикалық және тұлғалық дамуындағы болуы мүмкін сәтсіздіктерді ескертуі. Бала агрессивтілігінің алдын алу дегеніміз бұл баланың агрессивті мінез-құлықтың туындататын әлеуметтік-психологиялық факторларға жол бермеуге бағытталған іс-шараларды жүргізу.

Қашықтықтан оқыту жағдайында облыстың педагог-психологтарына мектептегі күш көрсетуді болдырмау себептерінің әсері туралы өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, педагог - психологтар буллингсіз мектепті қалыптастыру мен мектеп қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарына байланысты маңызды ақпараттар алып, өзара пікір алмасты.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Психолог в начальной школе: Учебно-практическое пособие / Г.С.Абрамова, Т.П.Гаврилова, А.Г.Лидерс и др.; под ред. Т.Ю.Андрущенко. – Волгоград: Перемена, 1995.
2. Ясюкова Л.А. Методика определения готовности к школе. Прогноз и профилактика проблем обучения в начальной школе. Методическое руководство. СПб., 1999.
3. Велиева С.В. Диагностика психических состояний детей дошкольного возраста. – СПб., 2005.
4. Венгер А.Л., Цукерман Г.А. Психологическое обследование младших школьников. – М., 2004.
5. Предотвращение насилия в образовательных организациях.- Барнаул 2017.
6. Микляева А.В., Румянцева П.В. Школьная тревожность: диагностика, коррекция, развитие. – СПб., 2004.

ӨӘЖ 37.06

#### ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУІНДЕГІ ЫНТАСЫ

**Салпина Шынар Ерлановна,**

1 курс магистранты

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті  
Қостанай қ. Қазақстан

#### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты: Бүгінгі күні жастар көптеген психологиялық және педагогикалық зерттеулердің назарында. Аталған әлеуметтік топқа деген қызығушылық табиғи болып келеді, себебі жастар әлеуметтік өзгерістердің субъектісі болып табылады. Қазіргі адам белгілі бір мәртебеге, мәртебеге, беделге ие болуға, өмірінің барлық саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылатын адам ретінде ұсынылған. Табыс туралы идеялар, әдетте, жастардың жеке басына ықпал ете отырып, оның құндылықтар жүйесін анықтайды. Зерттеудің мақсаты – жастардың жетістік туралы идеяларын зерттеу. Зерттеу пәні ретінде жасөспірімдердің сәттілік туралы идеяларының өз өмірінің маңыздылығын, өзін-өзі бағалау деңгейін және алыс болашақтың уақытша перспективасын құруда көрініс табатын өзін-өзі анықтау ерекшеліктерімен байланысын анықтау болып табылады.

**Түйінді сөздер:** жастар, жетістік, жетістікке жету қажеттілігі, ынталандыру.